

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: кіші жас топ

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.05 - 24.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, ұқалауды қадағалау; өз орамалының	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар бұрышында сөренің шаңын сүртуге қатыстыру; ойыннан кейін ойыншықтарды өз орындарына тізімдеп қоюға,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сұқұйғышты ұстап, өздігінен суаруды

	болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; таңдау себебін ("маған ұнайды"), ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	орнын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге, өзінің және өзге балалардың қол тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	қораптарға салуға шақыру, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру.	бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.
	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Жауын" (орыс тілінен аударма) Мақсат-міндеттер. Балаларды, жауын туралы тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту; жаңбыр жауыны туралы алғашқы ұғымдарды	"Доптарды өз қораптарына сал" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді ажырату, ойлау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жаттығудың нәтижесіне қуануға баулу. Құралдар: түсі тоғыз түрлі шақпақ ұяшықтарға бөлінген шаршы пішінді қатпа	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Тауық пен балапан". Мақсат-міндеттер. Балаларға әңгіме мазмұнын мұқият оқып беру; әңгімедегі дыбыс иелерінің дыбыстарына еліктей білуге және қайталауға дағдыландыру; әңгіме тақырыбы мазмұнына сай қойылған сұрақтарға	Саусақ жаттығуы. "Лағым". Балаларды тақпақтағы сөздердің мағынасын түсініп, саусақтармен қимылдауға ынталандыру; ешкінің төлі лақтың қимылдарына еліктеуге дағдыландыру; есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін, түйсіктерін дамыту. Балаларға лақтың	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу,

	бекіту. Педагог жаңбыр туралы суретті (күннің ашылғаны да туралы) немесе бейнежазбаны көрсете алады. "Жауын" Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	қағаз беттері, ұяшықтардың түстіре сай дөңгелектер жинақнамалары. Педагог допты көрсетіп, мәнерлеп тақпақты оқып береді. "Доп". Доп, доп, доп, доп домалақ, Тыншымайсың домалап. Ас құйып ем күшікке, Үлгермеді ішіп те ... Төңкердің де табағын, Төгіп кеттің тамағын. Доп, доп, доп, доп домалақ, Осы әдетің жаман-ақ! Ә. Кекілбаев Балалар әрбір ұяшықтың бетіне, оның түсіне сай	жауап беру арқылы байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру.	суретін немесе ойыншығын көрсетіп, ұстатуға болады. "Лағым". - Секір, секір, лағым, Тартқанша құмарың! Желпілдесін жел күнгі, Жапырақша құлағың. Сырт-сырт етіп тұяғың, Би билеші, лағым! Ырғып өтіп жырадан, Басына шық қияның. С. Желдірбаева	педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады. (сенсорика)
--	---	--	--	---	--

		допты салады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)			
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 1–1 Орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяқпен де осы жаттығу қайталанады. 3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. (дене шынықтыру)				

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемейді әдетке айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Жазды қарсы алайық, Аулаға шығайық, Бір-бірімізді қолпаштап, Дос болайық. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі	Дене шынықтыру "Мергендікті шыңдаймыз".	Музыка "Жаз кереметтері". Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Шынығамыз жазда". Мақсат-міндеттер.	Дене шынықтыру "Көпіршіктер жасаймыз".	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ".

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Мақсаты. Балалардың допты домалату техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; сапқа тұрып, бір қолмен алдында тұрған баланың белінен ұстап, пойыз сияқты жүру іскерліктерін дамыту; епті, шапшаң болуға тәрбиелеу.	Балалардың өздеріне жыл бойына өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.	Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруге үйрету; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын меңгеруге жаттықтыру; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру. Балаларды еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру қабілетін дамыту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру дағдыларын меңгерту; еденге қойылған баспалдақтан аттап жүруде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру.	Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін ақырын адымдатып жүргізу, еденге қойылған баспалдақтан аттап жүру техникасын жетілдіру; епті, жылдам, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер. Балаларды біркелкі заттардың ортақ сенсорлық сипатына қарай (көлемі, пішіні, түсі) біріктіруге үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға (үлкен, кішкентай, ондай емес), зат атауына (кірпіш, шар) қарап, орындауға жаттықтыру; ұқсас пішіндер мен түстерді салыстырып, ойын барысында сәйкестендіруге дағдыландыру; іс-тәжірибелі жаттығу барысында өз әрекеттерін бақылай білу қабілеттерін арттыру; бірнеше түстердің қосылуы нәтижесінде жаңа
---	--	---	--	---	---

					түстердің пайда болу ерекшеліктері және кемпірқосақ туралы түсінік беру.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көбелекті (қоңызды) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды жәндіктердің (көбелектің, қоңыздың) қимылдарын бақылауға үйрету, олардың ұшып-қонып, гүлдердің нәрімен қоректенулерін байқауға машықтандыру; жәндіктердің	Жаңбырлы күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы күн райын бақылауға машықтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету. <i>"Жауын"</i> - Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Х. Ерғалиев, М.	Құмды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға құрғақ құмның себелеп, қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; құмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату. - Дымқыл құм сазбалшықтай.	Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру; түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсыңдар? <i>"Күлімдеген</i>	Құмырсқаларды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. - Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар

қимылдарына еліктеуге ынталандыру. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде. Д. Ахметова	Әлімбаев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Қолға алмайсың қалай? Қолға алса, домалатса - Болады құм бауырсақтай. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.	<i>дөңгелектер".</i> - Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі күлімдеген беттер. Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – күлімдеген мен, Міне, күлімдеген сен. Д. Ахметова	тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.
Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Көбелектер гүлдерге қонды" қимылды ойыны.	"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту. "Құм қапшығын кім алыс лақтырады?" жаттығуы. (дене	Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды	"Құмырсқалар". Құмырсқалар, Құмырсқалар, Жұмыспенен күн қысқарар. Тыным жоқ-ау Өздеріңде, Қызып алған Кездеріңде Тасисыңдар көрінгенді, Білмейсіңдер Ерінгенді. Қ. Мырзалиев
				Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды

	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жаққа еркін жүгіріп, педагог белгілеген орындарға сигнал бойынша тоқтап, шоқайып отыруға үйрету; балалардың зейінін, жылдамдығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог жерге "гүлдер" деп атап, түрлі жерге шеңберлерді сызып немесе қағаздан гүлдер киықтарын шашып, жайып қою мүмкін. - Көбелектер, қоңыздар, Тоқтамайсыңдар, ұшасыңдар! Қорек іздеп	білу қабілеттерін дамыту. - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға құм салынған қапшықтарды белгіленген орыннан өзінен алға неғұрлым ары лақтыруды үйрету; көзбен дәлдеу қабілетін, зейінді, қол мен дене бұлшық еттерін дамыту. - Кім мерген болғысы келеді? Сызылып жатқан сызықтан аспай, алға, ары қарай, лақтырып көрейік. Құм қапшығын алайық, Алысқа лақтырайық. "Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	эмоцияларды дамыту. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды	балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру. Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп
--	--	--	---	---	--

	жатсаңдар, Гүлдерге қонасыңдар! "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.		балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. - Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. - Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. - Ойын екі рет өткізіледі. "Допты қағып ал"	қадағалайды. "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.
--	--	--	--	---	--

				қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе- теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас!				

	Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемеуді әдетке айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыашар жаттығулары. Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	"Гүлдерді бақшаға отырғызайық"	Жапсырудан ойын-жаттығу	Қоршаған ортамен танысудан ойын-	Сурет салудан ойын-жаттығу	Шеңберде ойын. "Күн ойнап тұр

кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу). Балалардың қолдарының ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту; "отырғызылған" гүлге қарап, қуанышқа бөленуге баулу. Құралдар: қатпа қағаз беті (бау-бақша алаңы), гүлдер (түрлі гүлдердің бастары), кір қысқаштары. Балаларға қысқышты ұстап, гүлдің басын қатпа қағазға қысып, жапсыруға үйрету. Балалар жұмыстарын жасап болғаннан кейін педагог Т. Молдағалиевтің "Гүлдер" тақпағын мәнерлеп оқиды. балалар тақпақты оқу	"Бұлттар ұшып келеді". Мақсат-міндеттер. Балаларды көгілдір түсті қағаз бетіндегі бұлттардың кескіндеріне желімді қылқаламмен жағып, қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға үйрету; сүлгіні қолдана білу қабілетіне дағдыландыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, зейінін дамыту; балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту; жапсыруда төзімділік пен	жаттығу "Ешкі мен лақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары ешкі мен лақтың тіршілігімен таныстыра отырып, олардың адамға тәуелділігі жөнінде ұғымдар беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, ұқсастықтарын байқап, көрсетуге машықтау; ертегі мазмұнының сөздерінен кейіпкерлерді тануға талпындыру.	"Қозы". Мақсат-міндеттер. Балалардың қозы кескінін бақылауға қызығушылықтарын оятып, қарындаш ұшымен қозының үстіндегі жүнін ұсақ бұйра оюлармен толтыруға үйрету; қозының шиыршықталған бұйра жүнін бір-біріне тығыз салуға дағдыландыру; үй жануарлары мен олардың төлдеріне көктемде қамқорлық жасау керек екені туралы түсінік беру.	күлімдеп". Мақсат-міндеттер. Балаларға Әтеш кейіпкеріне эмоционалды жауап беруге баулу; сөздерге қосылып, шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру. - Әтеш ерте оянады, "Тұрыңдар!" – деп шақырады. Көк аспанға күн шығады, Достар ойынға шығады. Күн ойнап тұр күлімдеп, Аспан төрінде билеп, Алтын сақадай қызып, Шеңберлерде жүргізіп. Д. Ахметова
---	--	---	---	---	--

	барысына қосылуы мүмкін. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)	тиянақтылық негіздеріне тәрбиелеу.			(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	"Жуыну әні" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жуыну рәсіміне еруге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)	- Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Ара" артикуляциялық жаттығуы. Оның жалғыз білгені, Ағаш, тақтай тілгені. Асықтырып өз-өзін: "Тез-з, тез-з, тез-з!"- деп жүргені. Жәнібек Кәрбозин. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Аяда кішкентай қозы бар!" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту, музыка)	"Қозы қалай қимылдайды?" - Қозы қалай қимылдайды? Денесін түзу ұстайды. Басын оңға-солға шайқап, Аяқтарын жинайды. Орнында тыныш тұрмайды, Секіреді, ойнайды. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттері: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануды үйрету; тамақтанғанда сөйлемейді әдетке айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикаларын және танымды дамытатын ойындар. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеуге және қоршаған ортамен таынсуға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Балалардың үйге қайтуы (ата-	Әңгімелесу: "2-3 жасар баланың ақыл-ойының ерекшеліктері", "2-3 жасар бала өзі туралы нені білуі және айта алуы керек?".

аналарға кеңес)	
-----------------	--